



**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 қаңтардағы N 16-өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.04.26. N 120 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 129-өкімінің күші жойылды деп танылсын.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 0 қ а ң т а р д а ғ ы  
N 1 6 ө к і м і м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу**

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Д.К.Ахметов**

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Үкіметтің заң шығару қызметін үйлестіру.

Қорғаныс, құқық тәртібі мәселелері.

Мұнай-газ секторын дамыту, мемлекеттік бюджет мәселелері.

Республикалық бюджет комиссиясының және Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

## Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің (қаржы полициясы) қызметін жалпы бақылау.

### **Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Г.А.Марченко**

Экономикалық жоспарлау және даму, қаржы, салық және тариф саясаты, қорлану және сақтандыру рыноктарын дамыту, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері.

Мақсатты бағдарламаларды іске асыру мәселелері: тұрғын үй рыногын дамыту, халықты әлеуметтік қорғау реформасын аяқтау, Алматы қаласында өңірлік қаржы орталығын дамыту, мемлекеттік органдарды ақпараттандыру.

Үкіметтің Ұлттық Банкпен, халықаралық қаржы және экономика ұйымдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдардың әлеуметтік саланы дамыту, білім беру, ғылым, мәдениет, ұлтаралық қатынастар, денсаулық сақтау, спорт пен туризм мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Әлеуметтік әріптестік мәселелері.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Мәдениет министрлігінің, Ақпарат министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Статистика жөніндегі агенттіктің, Кедендік бақылау агенттігінің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттіктің, Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

### **Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаев**

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру, инвестициялық саясат, экономиканы жедел басқару, экспорттық бақылау және жұмылдыру жұмысы, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі мәселелері.

Мемлекеттік органдардың өндірістік саланы, инфрақұрылым мен жаңа технологияларды дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік материалдық резервтер, төтенше жағдайлар, геология, жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын қорғау мәселелері.

ТМД елдерімен және ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру.

Мемлекеттік даму институттарының (Қазақстанның Даму Банкі, Инвестициялық қор, Инновациялық қор, Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация және басқалары) қызметін үйлестіру Индустрия және сауда министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі  
А.С.Есімов**

**Өңірлік саясат мәселелері.**

Мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Аграрлық ғылым, экология, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, орман, аңшылық және балық шаруашылығы, жер және су қатынастары мәселелері.

Ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері.

Көші-қон және демография саясаты мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне басшылық жасау.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы  
А.А.Тілеубердин**

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру, мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті қамтамасыз ету бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің өңірлік саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңсесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталары аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК